

Бекітемін
«Қарақұм» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
директорының м.у.д. А.Р. Амирханова
«31» «мамыр» 2023ж



Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің
«Қарақұм» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы МКҚК
2023 жылындағы
жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары

Боранкүл 2023ж

Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары

Мақсаты: Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді жағдай жасау.

Міндеттер:

- ✓ Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау. Жаракаттануды болдырмау және алдын алу үшін барынша жағдай жасалуын қамтамасыз ету.
- ✓ Балаларды сауықтыру мен физикалық дамытуға, мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-аламгершілік тәрбиелеуге, олардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға, табиғатқа сүйіспеншіліктерін тәрбиелеуге, мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I кезең: Ұйымдастырушылық-ақпарат		
Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Директор, әдіскер
- жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; - жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу туралы; - жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.	Мамыр	Директор, әдіскер Топ тәрбиешілері
Қызметкерлерге нұсқау өткізу: - балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; - балалар жаракатының алдын алу;	Мамыр Маусым	Директор, әдіскер

- жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; - күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету; - ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; - МДҰ қауіпсіздік ережелерін сақтау; - алғашқы жедел көмек көрсету.		
II кезең. Әкімшілік-басқару бақылау		
Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары 1) ауланы дайындау: - құм әкелу; - жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу; - ойын алаңдарын дайындау; - жаздық шатырларды тазалау, әрлеу. 2) спорт алаңдарын дайындау: - құрал-жабдықтарды жанарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, дене шынықтыру және т.б.); - қауіпсіздігін тексеру.	Мамыр	Директор, Шаруашылық менгерушісі
Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін бақылау, мерекелік және көпшілік іс-шараларының ұйымдастырылуын қадағалау	Жаз бойы	Әдіскер Топ тәрбиешілері
Назарға алынған бақылау: - перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); - күн тәртібін сақтау;	Маусым-Тамыз	Директор, әдіскер, медбике

- жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; - жаңа оқу жылына дайындық; - күнделікті тағамдарды дәрумендендіру		
III кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру		
- Жаз кезеңіне күн тәртібін, сабақ кестесін, тамақ алу кестесін жасақтау; - Балалармен ұйымдастырылған сауықтыру бойынша перспективалық жоспар; - <u>Кенестер:</u> ✓ «Жазғы сауықтыру жұмыстарын қалай ұйымдастыру керек?»; ✓ «Қызықты серуен: құммен, сумен, қолдан жасалған ойыншықтармен ойындар»; - топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен дамытушылық талаптарға сәйкестігін қадағалап, жетілдіріп отыру.	Маусым-Тамыз	әдіскер, медбике Топ тәрбиешілері

1.«Бақытты бала-бақытты ел» 1-Маусым Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік концерт 2. «Мемлекеттік Рәміздер- ұлттық мақтанышымыз» 4-Маусым рәміздер күніне арналған мерекелік іс-шара 3. «Менің досым» тәрбиеленушілер арасындағы сурет көрмесі 4.. «Жаз да келді, көңілді» жазғы сайыстар 5. «Қауіпсіз жаз» «Өртке қауіпті заттар» әңгімелесу, ойын-сауық шаралары	Маусым	әдіскер, Топ тәрбиешілері Пән мұғалімдері
1. «Көңілді су көпіршіктері» - сумен ойындар, «табиғатпен тілдесу» ойын жаттығулары 2. «Бұл бақытты –мекен» асфальтка сурет салу 3.«Жазғы сайыстар» «Жас спортшылар» спорттық сайыстар 4. «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма» дәстүрлі емес сурет салу	Шілде	әдіскер, Топ тәрбиешілері Пән мұғалімдері
1. «Ас атасы – нан» дәндер патшалығына саяхат ойын-жаттығу 2. «Мен және қоршаған орта» ұжымдық шығармашылық жұмыс 3. «Өнер көзі халықта» сүйікті ертегілерді айтқызу 4. «Ғажайыптар әлемінде» жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу	Тамыз	әдіскер, Топ тәрбиешілері Пән мұғалімдері
Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары 1. Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру	Жаз бойы	әдіскер,медбике

2. Санитарлық бюллетендер шығару:		
Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары		
Білім беру салаларын кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру	Жаз бойы	Топ тәрбиешілері Қ.Келдібаева
Жаттығулар: - таза ауадағы дене шынықтыру; - ертеңгілік жаттығулар; - ұйқыдан ояту жаттығулары; - сергіту сәттері.	Жаз бойы	Топ тәрбиешілері Қ.Келдібаева
Спорттық ойын-сауықтар: - спорттық ойындар; - спорт жарыстары; - эстафеталар (<i>мүмкіндігінше таза ауада</i>).	Жаз бойы	әдіскер, Топ тәрбиешілері
Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу: - дозаланған күн ванналары; суға шомылу; массаж жолдарымен жаяу жүру, өзіне массаж жасау, ауа ванналары, терезені ашып қойып ұйықтату); - су процедуралары	Жаз бойы	Топ тәрбиешілері
Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Жаз бойы	Топ тәрбиешілері
Ата-аналармен жұмыс		
- ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу; - жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме	мамыр, маусым, шілде	Топ тәрбиешілері

арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық
бұрышта);
- іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту .